

**Аққулы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 шілдедегі "Аққулы ауданы Малыбай ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін бекіту және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің санын айқындау туралы" № 266/55 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Аққулы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 15 қарашадағы № 116/22 шешімі. Күші жойылды - Павлодар облысы Аққулы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 16 қарашадағы № 52/11 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Аққулы аудандық мәслихатының 16.11.2023 № 52/11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Аққулы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Аққулы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 шілдедегі "Аққулы ауданы Малыбай ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін бекіту және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің санын айқындау туралы" №266/55 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6893 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Аққулы ауданы Малыбай ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу тәртібі осы шешімнің 1 - қосымшасына сәйкес бекітілсін";

көрсетілген шешімнің 2-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Аққулы ауданы Малыбай ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2 - қосымшасына сәйкес бекітілсін".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аққулы аудандық мәслихаттың хатшысы*

*К. Есимов*

Аққулы аудандық  
мәслихатының 2022 жылғы  
15 қарашадағы  
№ 116/22 шешіміне  
1 - қосымша

## **Аққулы ауданы Малыбай ауылдық округінің аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Аққулы ауданы Малыбай ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібі Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларына сәйкес әзірленді және Аққулы ауданы Малыбай ауылдық округінің аумағындағы ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізу тәртібін белгілейді.

2. Осы Тәртіпте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық - шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін Малыбай ауылдық округінің аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны - ауыл тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

### **2-тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы: Малыбай, Қазы, Қазантай ауылдарына бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында ауылдар тұрғындарынан үш адамнан аспайтын жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Аққулы ауданы Малыбай ауылдық округтің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастық жиналысының шақырылу уақыты, орны туралы жергілікті қоғамдастық жиналысының мүшелері ол өткізілетін күнге дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей құлағдар етілетін "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 39-3 - бабы 3-тармағының 4-3) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы ауылдық округ әкімі бұқаралық ақпарат немесе әлеуметтік желілер арқылы олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауылдар шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуді Аққулы ауданы Малыбай ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 1-тармағына сәйкес оған қатысуға құқығы бар қатысып отырған тиісті ауыл тұрғындарын тіркеуі жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Аққулы ауданы Малыбай ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Аққулы ауданы Малыбай ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Аққулы ауданының мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Аққулы ауданы Малыбай ауылдық округі әкімінің аппаратына қағаз жеткізгіште беріледі.

Аққулы аудандық  
мәслихатының 2022 жылғы  
15 қарашадағы  
№ 116/22 шешіміне  
2 - қосымша

**Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Аққулы ауданы Малыбай ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

р/с№	Ауылдардың атауы	Малыбай ауылдық округі жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Малыбай ауылы	3
2	Қазы ауылы	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК